

**«Қазақстан Республикасының мемлекеттік статистикасын дамыту: 2011 жылдың қорытындылары және 2012 жылға арналған перспективалар» деген тақырыпта 2012 жылғы 2 сәуірде өткен Үкімет сағатының нәтижелері бойынша
ҰСЫНЫСТАР**

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі
Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің төрағасы
Ө.А. Смайыловтың баяндамасын тыңдап, **ҰСЫНАДЫ:**

Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

-пайдаланушыларға статистикалық деректермен тиімді әрі ыңғайлы жұмыс тәсілін қамтамасыз ететін сыныптаудың ұтымды жүйесін жасау үшін статистикалық ақпараттың құрылымын жетілдіру бойынша, оның ішінде экономикалық қызмет түрлері және негізгі көрсеткіштер топтары бойынша іс-шаралар кешенін әзірлеу;

-пайдаланушыларды дәйекті және өзекті ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік органдардан және респонденттерден алынған статистикалық деректерді есептеу, талдау және өңдеу әдістемесін жақсарту жөніндегі жұмысты жалғастыру;

-халықтың, шағын және орта кәсіпкерліктің қолжетімді және уақтылы статистикалық ақпаратқа қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін «Талдау» ақпараттық-талдау жүйесінде статистикалық көрсеткіштердің санын арттыру және республиканың барлық өңірлерінде оның таратылу аясын кеңейту;

-мемлекеттік статистика органдары ұсынатын статистикалық ақпараттың сапасын және оның объективтілігін арттыру, сондай-ақ респонденттерден алынған статистикалық деректердің сенімділігін және қорғалуын қамтамасыз ету;

-«е-Статистика» біртұтас ақпараттық-талдау жүйесін қалыптастыру үшін статистикалық деректердің қайталануын болдырмау, сондай-ақ одан әрі интеграциялау мақсатында мемлекеттік органдар арасында ақпарат алмасу мен оны тұрақты жаңғыртып отыру бойынша өзара іс-қимылды күшейту;

-қолданылып жүрген және мемлекеттік органдар әзірлейтін анықтамаларды, жинақтарды, бюллетеньдерді біріздендіру мақсатында ведомстволық сыныптаудың бірыңғай әдістемесін әзірлеу және енгізу бойынша шаралар қабылдау;

-экономиканы болжауды және жоспарлауды одан әрі жетілдіру үшін мемлекеттік статистиканың әлеуетін тиімді пайдалана отырып, сапалы статистикалық байқаулар мен зерттеулер жүргізілуін көздеу;

-уәкілетті мемлекеттік органдардың іс-шараларды ақпараттық-статистикалық қолдауға және статистикалық байқаулар мен зерттеулер жүргізуге жауапкершілігін арттыру;

-респонденттердің жүктемесін азайту мақсатында статистикалық ақпаратты жасау кезінде мемлекеттік органдардың әкімшілік деректерін пайдалануды қамтамасыз ету және статистикалық есептер нысандарының санын қысқарту бойынша жүйелі жұмыс жүргізу;

-барлық өңірлер бойынша әрбір елді мекен мен аудан бөлінісінде өзін-өзі еңбекпен қамтыған және жұмыссыз адамдардың саны бойынша статистикалық деректерді зерделеу және айқындау жөніндегі бағдарламаны әзірлеу және енгізу.